

Өсімдіктерді қорғау жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 19 шілде N 996

Ауыл шаруашылығы дақылдарына шегіртке зиянкестерінің дән сұр көбелегінің, сондай-ақ аурулардың таралу алаңының ұлғаюына байланысты қалыптасқан төтенше жағдайларға орай және шегіртке зиянкестерінің үйірлі нысандарымен дән сұр көбелегімен және аурулармен күресу жөнінде жедел іс-шаралар жүргізу және астық пен басқа да ауыл шаруашылығы дақылдарының егісін сақтауды қамтамасыз ету жөнінде шұғыл іс-шаралар қабылдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне шегірткенің үйірлі нысандарымен дән сұр көбелегімен және дәнді дақылдардың ауруларымен күресуге байланысты өсімдіктерді қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізуге 1999 жылға арналған республикалық бюджетте кезек күттірмейтін мемлекеттік мұқтаждарға көзделген қаражаттың есебінен 140 (жүз қырық) млн.теңге бөлсін.

ЕСКЕРТУ. Кіріспе және 1-тармақ сөздермен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.03. N 1096 қаулысымен. P991096_

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен:

бір көзден сатып алу тәсілімен 140 (жүз қырық) млн.теңге сомасына инсектицидтер және фунгицидтер, жұмыстар және қызмет көрсетулер сатып алуды және ауыл шаруашылығы дақылдарына шегіртке зиянкестерінің дән сұр көбелегінің және аурулардың таралу ошақтарын жою жөніндегі қажетті шараларды орындауды қамтамасыз етсін;

шегіртке басқа зиянкестер мен дәнді дақылдардың аурулары бүлдірген алаңдарды авиациялық техника пайдаланылатын химиялық өңдеуге байланысты жұмыстар мен қызмет көрсетулерді отандық авиациялық компаниялардан сатып алсын.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ сөздермен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.03. N 1096 қаулысымен. P991096_

3. Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм

министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен үш күндік мерзімде шегіртке бүлдірген алаңдарды химиялық өңдеу жөніндегі авиациялық

жұмыстар мен қызмет көрсетулерді берушілерді анықтасын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалуды бақылауды жүзеге асырсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Орынбекова Д.
Кобдалиева Н.